**«6D020100-Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Калдаева Бану Станбековнаның - «Қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феномені» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертация тақырыбы «Қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феномені» ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары **сәйкес** келеді. |
| | | **1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған** (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>**3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес** (бағытын көрсету) | 6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс. Диссертация бастамашыл нақты мемлекеттік бағдарлама аясында **орындалмаған**.<br><br>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына **сәйкес** келеді. |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | **Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | XXI ғасыр – адамзат әлемдік жаһандану үрдісіне аяқ басқан кезенде адамның құндылықтық сипаты, белсенді өмірлік ұстанымы, өзін-өзі жетілдіруге құқығы мәселелері алдыңғы қатарға шығып отыр. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосып, маңыздылығы артып отыр. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Автордың өзі жазуының деңгейі жоғары. Бұл автордың ерекше логикада зерттеу мақсатына бағытталуынан айқын көрінеді. Әрбір бөлім аясында автор өзінің тәсілімен зерттей келе, ғалымдардың тұжырымдарына орынды сілтеме жасаған. Автордың өзіндік зерттеу лебі әсіресе гендерлік саясатты талдауда айқын көрінеді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**1) негізделген;**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі қазақстандық зерттеулердің шеңберінде және соңғы жылдардағы философия тарихындағы әйел табиғатын ашуға негізделген. Диссертацияның негізгі мақсаты қазақтың философиялық дүниетанымы және әйел феноменін зерделеуге бағытталған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>**1) айқындайды;**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертация мазмұны тақырыптың аясын қамтиды. Зерттеу жұмысының бірінші бөлімі әйел мәселесінің философия тарихында зерттелуін сипаттауға бағытталған. Екінші бөлімі қазақ философиясындағы әйел феноменін талдауға арналған. Үшінші бөлімі қазіргі қазақ қоғамындағы әйел мәселесін саралаған. Ғылыми жұмыс аясындағы шешімдер мен қағидаттар тақырыптың мазмұны көлемінде шығарылған. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**1) сәйкес келеді;**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертация мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Автор мақсат ретінде қазақ халқының философиялық дүниетанымындағы әйел феноменін зерттеуді негізге алған. Бұл қойылған мақсаттың көлемінен негізгі міндеттер қалыптастырылған. Жалпы диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес анықталған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>**1) толық байланысқан;**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертация үш бөлімнен және 8 тараудан тұрады. Алғашқы бөлім жалпы әйел мәселесінің философия тарихында зерттелуіне және философия тарихындағы әйел-философтардың алатын орнына бағытталса, екінші бөлім қазақ философиясындағы әйел феноменімен XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбектеріндегі әйел теңдігі мәселесін тұжырымдамалық деңгейде анықтауға негізделген. Енді үшінші бөлім қазіргі жаһандану жағдайындағы қазақ әйелі бейнесін талдауға бағдарланған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, | Автор диссертация көлемінде жасаған жаңа шешімдері ғалымдардың идеяларын және эмпирикалық дереккөздерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**<u>1) сыни талдау бар;</u>**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | **сыни талдау** арқылы дәлелдеген. Бұл жағдайдың айқын көрінісі бірнеше тараудың кеңістігінде білінеді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | **Диссертациялық жұмыстағы нәтижелер мен қағидаттар көп жағдайда жаңа болып табылады. Бірақ автор қазақтың гендерлік қатынасқа қатысты нәтижелері бұрынғы авторлардың тұжырымдарын құптаушы болып табылады. Осыған байланысты зерттеу барысындағы автордың кейбір қағидаттары жартылай жаңа саналады.** |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | **Диссертацияның кейбір қорытындылары жартылай жаңа болып табылады. Бірақ автор осы қорытындыларды өзіндік тәсілмен шығарған.** |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>**<u>1) толығымен жаңа;</u>**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | **Диссертация гуманитарлық-әлеуметтік бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.** |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | **<u>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | **Диссертацияда түйінделген қорытындылар әрбір тараудың көлеміндегі жасалған ауқымды дәлелдемелерге негізделген.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**<u>1) дәлелденді;</u>**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>**<u>2) жоқ</u>**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**<u>1) иә;</u>**<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>**<u>3) кең</u>**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**<u>1) иә;</u>**<br>2) жоқ | 7.1 Диссертация көлемінде автор негізгі 8 қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған.<br>7.2 Әрбір қағидат **тривиалды емес** саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілдік көріністе және жан-жақты қырынан қалыптастырды.<br>7.3 Диссертант жұмысындағы 8 қағидат жаңа болып табылады. Бірінші қағидат әлемдік философиядағы гендерлік құбылысын түсіну үшін маңызды тарихи-философиялық тұжырымдар көрсетілген, екінші қағидатта – әйел философтардың дүниетанымы алғашқы рет жүйеленеді, үшінші қағидатта – түркі халықтарының рухани мәдениетінде әйел өмірінің ерекшеліктері кеңінен айшықталады, төртінші қағидатта – қазақ дүниетанымындағы ақын-жыраулар шығармашылығындағы әйел бейнелері сипатталады, бесінші қағидатта – қазақ ағартушыларының әйел теңдігіне қатысты гуманистік ұғымдары дәйектеледі. Алтыншы қағидат – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының шығармаларындағы әйел жанры талданады. Жетінші қағидат – гендердік саясаттың кешенді модернизациясы зерделенеді. Сегізінші қағидатта – жаһандану кезеңіндегі «қазақ әйелі» феноменінің қалыптасуы сараланады.<br>7.4 Диссертациядағы қағидаттардың теория мен практикадағы қолдану деңгейіне **«кең»** ауқымда. Ғылыми нәтижелерді жоғарғы мектептегі, орта арнаулы оқу орындарындағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, құзырлы органдардың қызметі ауқымында кеңінен пайдалануға болады.<br>7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидаттар ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген. Автордың зерттеу тақырыбы бойынша 9 мақаласы жарық көрген. Атап айтсақ, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналда – 4 («Адам әлемі», «Әл Фараби», Қарағанды университетінің Хабаршысы және CAJAS журналдарында); ғылыми-практикалық конференцияларда - 4, Scopus журналдар базасына кіретін «Peace Review» АҚШ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | журналында 1 мақала жарияланған. |
| | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау негізделген. Зерттеу барысында компаративистік, тарихи-философиялық, герменевтикалық, өмірбаяндық, аксиологиялық, диалектикалық әдістерін кеңінен қолдана алған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ | Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр. |
| | | **<u>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған</u>** (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>**<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ | Барлық теориялық тұжырымдар, өзарақатынастар мен заңдылықтар дәлелденген және жақсы негізделген. |
| | | 8.4 **<u>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</u>** / ішінара расталған / расталмаған | Автор зерттеу барысында мүмкіндігінше шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың мәліметтерін және эмпирикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы маңызды мәлімдемелердің кеңістігіндегі сілтемелерден анық көрінеді. |
| | | 8.5 **<u>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</u>**/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Библиографияда философиялық-әдіснамалық бағыттағы, жалпы теориялық сипаттағы және арнайы әдебиеттерден тұратын 119 дереккөз атаулары бар. |
| 9 | Практикалық құндылық | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: | Диссертацияның теориялық маңызы жоғары болып табылады. Зерттеу барысында тарихи-философиялық, философиялық- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | принципі | **<u>1) ия;</u>**<br>2) жоқ | антропологиялық және әлеуметтік-мәдени әдістер, оларды қолдану жалпы дүниетаным жүйесіндегі әйел феноменін және оның орнын түсінуге мүмкіндік беруіне байланысты «ия» деуге толық негіз бар. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертацияның практикалық маңызы ЖОО гуманитарлық бағыттағы магистрлік және докторлық диссертациялық тақырыбына бұрын-сонды зерттелмеген әйел тұлғаларының мұрасын, қайраткерлігін зерделеу, сондай-ақ, элективті курстар енгізу, энциклопедиялық жинақтар әзірлеп, жарыққа шығаруға болады. Сонымен қатар, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, этика пәндері бойынша дәрістерде және т.б. арнайы курстарда қолдана алуына байланысты «ия» деуге болады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>**<u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі ішінара жаңа, сенімді және жеткілікті ғылыми негізділікке ие. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**<u>1) жоғары;</u>**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертацияны жазудағы академиялық сапа **жоғары** болып табылады. Автор теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған. |

**ШЕШІМ: 6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Калдаева Бану Станбековнаның «ҚАЗАҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.**

**<u>Ресми рецензент:</u>**
**<u>Қ.Жұбанов атындағы АӨУ,</u>**
**<u>Басқарма мүшесі –Әлеуметтік және</u>**
**<u>тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор,</u>**
**<u>философия ғылымдарының кандидаты, доцент</u>**
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
Кадр бөлімінің бастығы ____
«____» ____ 20__ ж.

(қолы)

**<u>Муханбеткалиев Есбол Есенбайулы</u>**
(Аты-жөні)

05.01.2023ж.